
ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОТЕЧЕСТВЕННОГО И ЗАРУБЕЖНОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ

ACTUAL ISSUES OF DOMESTIC AND FOREIGN LITERARY CRITICISM

DOI 10.31489/2021Ph2/75-80

ӘОЖ 829

А.К. Жунусова*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: aina_zhunusova@mail.ru)*

Жазушы Кемел Тоқаев шығармашылығы және ұлттық детектив жанры

Мақалада жазушы Кемел Тоқаевтың детектив жанрында жазылған туындыларының тақырыптық мәні, сюжеттік-композициялық, жанрлық ерекшеліктері қарастырылды. Детектив жанрына алғаш қалам тербеген Кемел Тоқаевтың шығармаларын негізге ала отырып, оның көркемдік факторлары мен кейіпкер образының идеялық-эстетикалық қызметі зерделенді. Сондықтан жанрдың сюжеттік құрылымы мен кейіпкерінің ерекшелігін саралау мақаланың басты мақсаты. Шығармадағы негізгі оқиғалар, шындықты көркем бейнелеу жолындағы ізденістер талданды. Жазушы шығармашылығына тән қылмыс хроникасы, оның ашылу процесі, қылмыскердің экспозициясы сипатталған. Қаламгер ұстанымы, қолтаңба мәні айқындалды. Негізгі шытырман оқиғалар ретінде қылмыстық істер қарастырылды. Детектив жанры оны зерттеу мен кінәсі барларды іздеудің қыр-сырларын, шым-шытырық жолдарын суреттейді. Детективтің жанр ретіндегі басты белгісі осы. Бірақ, қылмыс болып табылмайтын оқиғалар да жанрдың негізгі өзегі болып табылады. Детектив туындыларын жаңаша белеске көтерген Кемел Тоқаевтың кейбір шығармаларында қылмыс болмауы мүмкін. Жанрдың тағы бір ерекшелігі ретінде оқиғаның себептері тергеу аяқталғанша оқырманға белгісіз болып қалатын тұстары бар. Оның орнына оқырман автормен бірге қылмыстық зерттеудің қыр-сырына, өн бойына емін-еркін бойлап, өзіндік қорытынды шығарып, шындықты талқылауға мүмкіндік алады.

Кілт сөздер: детектив, жанр, сюжет, қаһарман, қылмыс, ізкесуші, тыңшы.

Kipicne

Қазіргі кезеңдегі әңгімелер мен повестердегі әлемдік әдебиет өмірінен туындап жатқан жаңа шығармашылық ізденістер бары байқалады. Оның арасында қазақ әдебиетіндегі детективтік жанр да бар. Аталған жанр көп зерттеле қоймаса да өзіндік қалыптасу, даму заңдылықтарын бастан өткергені анық. Детективті шығармалардың қазақ прозасына ықпалы қазақ қаламгерлерінің тарапынан зерттеулердің, тұжырымдардың жоқтығынан деп білеміз. Бұл жөнінде детектив жанрына қалам тартушы жазушы, журналист Зияш Төлеуова былай дейді: «Детектив жанры тек қана қазақ әдебиетіндегі сирек жанр. Бірақ тіпті, түк жоқ деп ауызды құр шөппен сұртуге болмайды. Жалпы, біздің халқымыздың менталитеті — жәй қозғаламыз, сосын жаңалықты бірден қабылдай қоймаймыз. Детектив жанры — бірнеше ғасырдан бері әлем әдебиетінен ойып орын алған жанр, сонымен қатар қазіргі заманда шетел оқырмандарын айтпағанның өзінде, біздің оқырмандарымызды өзіне толайым қаратып

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aina_zhunusova@mail.ru

алған жанр. Оның басты себебі — оның желісінде заман сарынының, өмір көріністерінің деректері басым, оның басқа әдеби жанрдан ерекшелігінің өзі осында» [1; 90].

Детектив — әдебиеттің басқа жанрлары секілді өзіндік шарттары, ережелері және статистикалық ерекшеліктері бар жанр. Шығарма жанрдың талаптарына сай болмаса оны үзіп алып, детективке қосудың өзі дұрыс бола қоймас. Осы кезде ғалым Қажым Жұмалиевтің мына пікірі есіме түседі: «Әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктерін тапжылмай тануды, көркем әдебиеттердің кейбір мәселелеріндегі көзге ілікпестей, байқатпастай өзгешеліктерді шатастырып алмауды талап етеді. Композицияның бір элементін не поэтикалық тілдің бір түрін екіншілермен шатастырсақ болды, онан кейінгі талдауларымыз дұрыс болмайды. Математикада бір знак (белгі) теріс қойылса, есептің еш уақытта дұрыс шықпайтыны сықылды, әдебиет теориясының элементтері де мейлінше мұқияттылықты керек етеді» [2; 161]. Сондықтан да детектив жанрын жеңіл жанр деп қарамау керек. Оны жазып шығу үшін қаламгердің логикалық, психологиялық және фантазиялық түйсігі мол, байқампаздық қасиеті мен логикалық ойлау жүйесі мықты болуы шарт. Және есепті жақсы меңгерген, шахмат ойыны секілді қылмыскерді фактілерге сүйене отырып дәл табу сияқты қасиеттері қаламгердің басты қаруына айналуы керек.

Қазақ әдебиетінің проза жанрында шытырман оқиғаны негіз еткен, әрі оқырманы көп қаламгерлердің бірі Кемел Тоқаев. Қаламгер қазақ әдебиеті әлеміне бұрын-соңды болмаған тың дүниелер әкелді. Сол бір алмағайып заманда жаңалық жағына таласып жүріп, шындыққа көзі жетіп, сол қиын сыннан өте білді. Ендеше біз жазушы туындыларының тақырыптық мәні, сюжеттік-композициялық жанрлық ерекшеліктеріне тоқталайық.

Негізгі бөлім

Қазақ әдебиетінде балалық шақ мәселесі өз кезеңдерінде нысанға бағытталды. Әсіресе, жетім баланың тағдырын, жетімнің бейнесін, халықтың бейнесін көрсетті. Адамзаттың өміріне зорлықпен енген тарихтың өзгерісі, жақындары мен отбасынан айырды. Сөйтіп, соғыс зардабынан үйіне қайтпаған жақын бауыр егі ағасының қазасы баланың санасына қатты әсер етті. Олар ертерек есеюге, өздерінің іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын ертерек танытуға тиісті болды. Жазушы Баққожа Мұқай: «Соғыста болған, өлім көрген, балалық шағы жоқшылықта өткен, жетімдіктің қасіретін мықтап көрген Кемел Тоқаевты жүрегі тас болып қатып қалған адам шығар деп ойлайтынмын. Қателесіппін. Мен оның жылағанын көрдім» [3; 23]. Осы ретте жазушының «Солдат соғысқа кетті» атты романында Мұхамед орыс офицерлерін құтқарып қалады. Олардың қатты қуанғанын көрген Мұхамед көзіне жас алады. Көз алдында суреттеліп тұрған картинаға қарап, Мұхамедті лирикалық қаһарман десек артық айтқан болмаймыз. Лирикалық қаһарман — ол ең ұлы, асқақ ниетті адам. Бұның ар жағында еліне, жеріне деген таза сезім жатыр. Автор үшін қаһарман көкірегі өкініш пен шерге толы, тағдыры тайғақты болғанымен, рухы мықты жан образында елестейді. Сөйтіп автор қуатты образды алға шығарып отырады.

Жазушының «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы», «Түнде атылған оқ», «Сарбағанда болған оқиға», «Солдат қабірінің басында» атты сүбелі шығармалары детектив жанрындағы үздік туындылар қатарына жатады.

Қаламгердің туындыларындағы қылмыскердің өкініші, қоғамдағы жат қылықтарды әшкерелеуі, әділетсіздік пен заңсыздықтың арасындағы тартысты анықтауы, қылмыскерді тұтқындай отырып, адамгершілік танытуы аталмыш шығармаларында айқын бейнеленеді. «Солдат соғысқа кетті» деп аталатын романында Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңес жауынгерлерінің ерлік істері суреттеледі. Роман бірнеше бөлімнен тұрады. Бөлім атауларының өзі — сюжеттік оқиғаның құпиялылығымен, жұмбақтығымен және шытырман бір жайтқа қатысты екендігімен назар аударады. Мысалы, «Жауға атылған алғашқы оқ», «Олар жетеу еді», «Ерекше тапсырма», «Ашылмай қалған сыр» және тағы басқалары. Шығармадағы кейіпкерлердің бойында жасандылық жоқ, табиғилық басым. Себебі қарапайым әскери командирлердің, кеңес жауынгерлерінің қан майданда жүрген әр адамның «немістердің көзін құртып, аман-есен үйіне оралсам екен» деген тілегін жазушы оқырманға шебер жеткізе білген. Көркем шығарма деңгейінде жазылған бұл туынды өмірбаяндық шығармаға ұқсайды. Себебі, Мұхамедтің басынан кешкен оқиғалары, айқас алаңында жүрген сұрапыл күндері сипатталады. Зерттеуші Л.М. Баткиннің ойынша кез келген жанр және өмірбаян «дүниетанымдық қатынас тәсілін көрсететін «мәдени форма». Осы мәдени қалып өмірбаянның «әмбебап» жоғары міндетін көрсетіп, жеке тұлғаның тарихи уақыт кеңістіктегі орнын танытады.

Өмірбаяндық шығарманың өзіндік жанрлық ерекшеліктері бар. Біріншіден баяндау бірінші жақтан жүреді. Екіншіден грамматикалық, стилистикалық және құрылымдық ерекшелігі болады. Үшіншіден, жазудың ментальді ерекшелігі сақталады.

Жазушының «Солдат соғысқа кетті» романының бастапқы бөлімінде Мұхамед Мейірмановқа өзінің басынан өткен күндерін баяндайды. «Саған түсінікті болу үшін әңгімені өзімнің туған жерімнен бастайын. Атамыздың ата мекені Қаратал өзенінің бойы болады. Қыс түсе қалың ауыл маңыраған көп малмен бірге қалың құм ішіне, көп шағылдардың арасындағы Үшөзек қыстауларына көшіп, көктемге қарай өзенге ойысады екен... Мұхаммед әрі қарай ағасының өз аузынан әкешесінен қалай айырылғанын айтып береді. «Ертеңгісін көзімді ашқанда күнсіз, бұлтсыз, бұлыңғыр дүниенің ортасында жалғыз жатқандай сезіндім. Ең алғаш ақ халат киген докторды көргенім сол. Қолымның қарына ине тығып сұйық дәрі беріп жатты. Осының бәрі маған түс секілді. Тек ағамның камқор қолы со жолы мені ажалдан құтқарғанын білем. Енді сол бауырымнан да айырылдым. Биыл ақпанда қаза тапты. Немістер өлтірді» [4; 383]. Романның бас жағында балалық шақтың трагедиясына көңіл бөлінеді. Кейіпкеріміз балалық шаққа тиесілі кезеңді көрмеген, басынан небір қиыншылықтар өткен.

Қаламгер шығармаға майдан кезіндегі әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты мәселелеріне де қалам тербеген. Аталмыш шығармадағы Власов сияқты жағымсыз пасық, мақтаншақ жауынгердің Мейірманов деген қазақтың атып түсірген самолетін «мен» аттым деп басыларына жалған айтуы, кейбір офицерлердің ұлты орыс емес жауынгерлерге күдікпен, астамшылықпен қарауы романның мазмұнын байытып, дамыта түседі. Сол бір қан майданда автор өзін Мұхамед деп таныстырады. Қасында болған жеті солдаттың іс-әрекеттерін, олардың жаудан қорықпай ерлікпен шайқасқанын, жастай өліп кеткен Фаткуллиннің аңғалдығын, Мейірманов досының ерлігін, Чумаковтың қайтпас-қайсарлығын, Қойбағаровтың ауырып жүріп, жаумен күрескенін қалың оқырманға шынайы жеткізген. Мейірмановтың жұмбақ өлімі бірінші бөлімінің негізгі тақырыбына айналады. Мәселен, қаламгердің шығармасындағы мына бір үзіндісін мысалға алайық.

«Комиссар Алиев:

— Біздің әңгімеміз аяқталмай қалды. Мейірманов тура жау қолынан өлді дейсің. Сонда оны өлтірген кім? — деді.

— Кім екенін дұшпанды ұстаған кезде айтам.

— Қылмыскер қайткенде де тұтылуға тиіс. Ол жазасыз ұзақ жүре алмайды. Әйтпесе, бұл дүниеде әділеттік болмай кетеді ғой!

Мұхамедтің айтқаны дәл келді. Сталинград түбіндегі осы оқиғадан кейін екі жыл өткен соң Мұхамед командованиенің ерекше тапсырмасын орындау кезінде, Польша жерінде Ломда қаласының түбінде Мейірмановты өлтірген жаудың жансызымен бетпе-бет кездесті» [4; 383].

Сонымен жазушының шығарған формуласы көзге дәл көрініп тұр. Алдымен, лейтенанттан досы Мейірмановтың өзін-өзі өлтірген деген күдік айтады. Оған Мұхамед сенбейді. Оны не жау өлтірген немесе өз орталарынан біреу қасақана өлтірген дейді. Мұхамед өзіне және оқырманның алдына қылмыскерді әшкерелеу тапсырмасын қояды. Ол өз ортасындағыларға сенімсіздікпен қарап, кісі өлімі болған жерді мұқият қарап шығады. Арада екі жыл өткен соң, Мейірмановты өлтірген қылмыскерді дәл табады. Ол Власов болатын. Оқырман оқиға қалай аяқталар екен, Мейірмановтың жұмбақ өлімі қалай ашылар екен деген оймен шығарманың аяғына дейін тыным таппайды.

Жалпы әлем әдебиетінде детективтік романдардың екі түрі кездеседі. Біріншісі, қылмыскердің жұмбақ іс-әрекеті болса, екіншісі, ашық түрде жүргізілетін ізкесуші әрекеті. Оқиғаның шешімінде екі желі тоғысып, бірін-бірі толықтыра түседі. Қаламгердің «Сарбағанда болған оқиға» деп аталатын повесінде қылмыскердің жұмбақ іс-әрекеті сипатталады. Оқиғаның басталуында қылмыстың болғаны баяндалады. Шығармадағы сюжетті элементтер мыналар: алдымен, кісі денесі, қылмыс болған жер және құпияны ашатын ізкесуші. Шығармада жолдасы соғысқа кеткен Сәндігүл деген әйелдің жақында ғана үйленген жалғыз ұлы Рахымның қой бағып жүріп қылмыскерлердің қолынан қаза табуы баяндалады. Бұл жерде ізкесуші Талғат Майлыбаев — тергеумен айналысатын кейіпкер. Ізкесуші әртүрлі адам бола алады: қауіпсіздік қызметкері, жеке ізкесуші, туыскандар, достар, зардап шегушінің танысы, кейде тіпті кездейсоқ адам. Ауыр жағдайда ауруханаға жеткізген Рахым аздап көзін ашып, қасында тұрған қылмыскерді айтам дегенше өліп кетеді. Осы жағынан қарағанда бұны полициялық детективпен бірге, шектеулі детективке де жақын деуге болады. Шектеулі детектив дегеніміз — шектеулі адамдардың ішінде ғана болатын әрекет [5; 183]. Талғат бастаған топ тек

дәлелдер табуға шығады. Бұл жерде Талғат өзінің болжамдарын құрады, қылмыскерді ойша іздей бастайды. Детектив жанрының барлық талаптарына сәйкес келетін жанр. Мұндай туындының сюжеті шағын кейіпкермен бір ғана ортада жүзеге асырылады. Сол санаулы кейіпкерден өзге адам болуы мүмкін емес, сондықтан қылмыс тек осы арадағы адамдар арасында жасалады. Ізкесу жұмыстарын қылмыс орын алған жердегі біреу қолына алып, қалған қаһармандар көмегімен іс әшкереленіп отырады. Бұл детектив түрінің ерекшелігі сюжет белгісіз қылмыскерді іздеуді қажет етпейді. Күдіктінің түр — тұлғасы белгілі, ізкесуші тек оқиға куәгерлерінен мейлінше көп мәлімет жинап, дәлел келтіреді. Қылмыскердің жақсы таныс, қасындағы адам болып шығатыны терең психологиялық жағдай тудырады. Бұл да детективтің өзіне ғана тән басты ерекшеліктерінің бірі. Оқиға барысында Талғат пен бірге Нұржан да бірге жүрді. Екеуі қылмыскерді табамыз деп күнде орман жаққа қарай беттейді.

Нұржан:

— Жолдас капитан, мені күлкі етейін дедіңіз бе? — деп ренжіп те қалды.

— Сен мына таяқ батқан шұңқырды анықтап қарап алшы, — деді Талғат Нұржанның иығынан құшақтап. — Саған дамыл бермеген себебім, мен күні бойы осы шұңқырды іздеп жүрдім. Енді Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі бізге белгілі. Оның бір аяғы жоқ, күпшекттей ағаш аяқпен жүреді. Ағаш күпшектің темір өкшесінің жерге батқан таңбасына қарағанда кесек, ірі денелі адам. Салмағы 85–90 килограмм. Сірә, алпыстың айналасындағы жасы келген кісі секілді.

Талғаттың сөзін тыңдап тұрған Нұржан:

— Жерге батқан ағаш күпшектің таңбасынан оның салмағын білдіңіз делік. Мұндай ілімнен хабарымыз бар. Ал оның жасын қалай анықтай қойдыңыз? — деді.

Бұл жай логикалық ойдан шыққан түйін. Өзіңе белгілі, кембағал жас адамдар көбіне арнайы жасалған жеңіл протез киеді. Ал мұндай қолдан жасалған күпшекті салақ, үнемқор, пайдакүнем, ескі әдет бойынан кетпеген қарт адам киеді [6; 335]. Осы ретте Талғат Майлыбаевтың логикалық ойы терең дамыған, тәжірибесі бар, небір ұшы-қиыры жоқ шытырман оқиғаларды, жұмбақты шеше алатын тәжірибелі азамат ретінде көрінеді. Көркем кейіпкер көз алдымызда дамып отырады. Қаламгер шығарманы жазғанда өзін ұмытып, кейіпкер бейнесіне еніп, кейіпкері күлсе — бірге күліп, мұңайса — бірге мұңайды. Басты қаһарманның басқалардан айырмашылығы, ол өз тұлғасын тек іс-әрекетімен ғана емес, ой-өрісі жағынан да сипаттайды және өз кейіпкерлерін психологиялық тұрғыдан өте дәл, өте дәлелді берумен де даралығын көрсете алған. Бұл жерде оқиғаның дамуындағы іс-әрекет — қате болжам жасау. Рахымның нағашысы Рысбекке жала жабылады. Кінәсіз адамнан күдіктену, қате қадамдар жасау секілді оқиғалар орын алады. Рахым көрсеткен топтың ішінде бұл да болған. Талғат Рысбекті өздеріне қызмет етуге шақырады. Ондағы мақсаты нағыз қылмыскерлер полиция қызметкерлерін қате жолмен кетті деп ойлап, емін-еркін әрекет етуін қалады. Мұнысы дұрыс та еді. Оқиғаның шиеленісуінде Талғатқа еріп Нұржан да дәлелді ойларын жеткізе алатынын көреміз.

Шығарманың шарықтау шегінде қылмыскер Майснев пен Цой екені анықталып, кей құпиялардың басы ашыла түседі. Цой мен Майсневтің сыбайлас екені, медсестра Аида Глухованы айыптағаны, алтын ұрлап сатқандары, Дарьяны өлтіргені, барлық қылмыстары ашыла түседі. Бұл жерде ізкесуші Талғаттың неліктен Аиданы қамаудан уақытша босатты дейсіздер? Себебі, біріншіден, Аиданың арамдық істегеніне сенбеді, бірақ дәлелдер іздеді. Екіншіден, ата-анасының ауырып қалғанын, інісінің үйде жалғыз қалғанын түсіндірген соң, Талғат оны қамаудан босатты. Бұл жерде ізкесушінің адамгершілік белгілері байқалады. Кемел Тоқаевтың адамгершілік қасиеттері жайында әріптестері, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері өз кезінде де, кейін де көп жазды. Олардың ішінде Серік Қирабаев, Шерхан Мұртаза, Қалихан Ысқақ, Әкім Тарази және тағы басқа қазақ әдебиетінің майталмандары, Мәткәрім Әкімжанов, Рафаэль Ниязбек және тағы басқа ғалымдар, жазушылар, ақындар бар. Детективті прозада ізкесуші мен тергеушіде адамгершілік болады да, қылмыскерде логикалық ойлау болғанымен мейірімділік жоқ. Туындыдағы жұмбақ құпияның өзі кейіпкерлерді таңқалдырып тұр. Алайда, оқиғаның шешіміне дейін құпиялардың барлығы заттай дәлелдер мен болжамдар ретінде оқырманның көз алдында тұрады. Автор бұл жағдайда оқырманын бірінші өн бойымен жетелеп, қалай дамып, өрбіп отыратындығын көрсетеді. Қаламгердің қай шығармасын алсақ та оқырманға түсінікті, әрі жеңіл оқылады.

«Түнде атылған оқ» повесіне келетін болсақ оқиғаның басталуында қылмыстың болғаны баяндалады. Туындыда орман ішінде жүрген Мырзаш есімді қартқа түнде оқ атылады. Оқтың кім атқанын капитан Талғат Майлыбаев анықтайды. Ол қылмыскер — Черноносков болатын. Тыңшы болып, мақсатын жүзеге асырмақшы болған Черноносков әртүрлі жамылғы есіммен Мырзаштың әйелі Қалампырды алдап, Павелдің ұлымын деп үйіне кіреді, Зина деген жас қызды алдап Аркаша болып

танысады, кейін Зинаға қастандық жасайды, Глиновты бопсалайды, аяғында Ашырапов болып саудагерлермен танысады. Одан кейін Бақытжан Әлтаевты өлтірдім деп өзін алдайды. Черносов барлау мектебінде Орта Азия мен Қазақстан жөнінде қазақ тілін де жетік білетін маман еді. Сондықтан да оны тыңшы етіп елге жібереді. Барлау мектебінің тыңшы жіберу себебі: Т. қаласының маңында бірнеше ұшақтарды бір снарядпен атып түсіретін қаруға сынақ жүргізіледі. Черносовтың міндеті сол қаруды анықтап, нақты мәліметтер жіберу болатын. Оқиға желісі осылайша дами түседі. Осы ретте айта кетейін, Бақытжанның Алтыншаш атты сүйіктісі болады. Қаламгер шығармадағы махаббат сызығын жалтырата көрсетпейді. Себебі, бұл ізкесушінің жұмысына кері әсерін беруі мүмкін. Алтыншаш — ақылды қыз. Бақытжан сүйіктісін Талғаттан қызғанып жүрсе де, өз қызметін адал атқарады. Досқа адал, уәдеге берік еді. Алтыншаш пен Бақытжанның бір-біріне деген сүйіспеншілігі болды. Бір-бірлерімен хат алмасып та тұрды. Бұларды эпистолярлық жанрдың кейіпкерлері дейміз. Себебі, көбіне хаттың тілінде сыпайыгершілік, құрмет, сенім аңғарылып отырады. Оқиғаның шарықтау шегінде қылмыскердің кім екені анықталады. Ендігі мәселеде Черносовты дәлелдер арқылы қолға түсіру болатын. Оқиғаның шарықтау шегінде Черносов «Көлбастау» колхозында болып, сынақ жүргізуді бірнеше мәрте көріп, суреттер жіберіп те үлгерген еді. Бұл оқиғада Талғат өзінің актерлік шеберлігімен таңқалдырады. Мас адамның, қарапайым такси жүргізушісінің рөлін керемет алып шығады. Автор қалың оқырманға Талғатпен қатар жаңа кейіпкер Бақытжан Әлтаевпен де таныстырады. Оның ізкесу ісіндегі алғашқы қадамдарын көріп, куәгер болдық. Оқиғаның шиеленісуінде Черносов Бақытжан және Талғатпен Ашырапов деген жамылғы есіммен танысып, тығыз қарым-қатынас орнатады. Оның жіберген хаттарының кілтін тауып оқып, алдағы әрекеттерін біліп отырды. Оны қолға түсіруде сол мәліметтердің көмегі тиеді. Оқиғаның шешімінде де Черносовты құрықтау операциясы жүзеге асырылады. Жас Бақытжан өз басын қатерге тігіп, қылмыскермен бірге тиісті жерге бару керек болатын, бірақ тыңшымыз оған қару кезейді. Ақырында Талғат пен Бақытжанның жоспары жүзеге асып, Черносовты Глинов үйінде тұтқындайды. Бұл тыңшылық детективке жақындау болып келеді. Себебі, стильдік жағынан алғанда саяси детективке жақын. Негізгі айырмашылығы: саяси детективте маңызды орынды саяси адамдар алса, тыңшылық детективте барлау, аңду секілді тергеу жұмыстарына баса назар аударылады. Оқиға желісінде ерекше болмысымен танылған кейіпкерлер, ұтымды монолог мен диалогтар арқылы өз заманының шындығын анық бейнелеген. Жазушы әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында, ақиқатты анықтау жолында әртүрлі амал-тәсілдерді қолданған.

Қорытынды

Кемел Тоқаевтың шығармалары жинақы, композициясы мен сюжеті қызықты, оқырманын оқиға желісімен әрі қарай жетектеп отырады. Шығармадағы кейіпкерлерін асыра мақтамайды, өз ісінің адал азаматтары екенін дәлелдеп отырады. Жоғарыда аталған туындыларында жасалған қылмыстың құпияларын ашу басты мақсат болып көзделеді. Оқиға барысында бас қаһарманның жұмыстары құпия түрде астыртын жүргізіледі. Ізкесуші өзін қылмыскерге байқатпас үшін әртүрлі образ жасайды. Шым-шытырық, қым-қиғаш, шиеленіскен шығармаларды оқи отырып, қаламгердің бойынан өткір қайсарлық пен шынайы шеберлікті байқаймыз. Кейіпкерлер арасындағы тартыс, кейіпкерлердің түрлі психологиялық көңіл күйі арқылы автордың дүниетанымы, позициясы танылады. Автор кейіпкердің көп қырлы екенін көрсетіп отырады. Таң қалатынымыз жазушының барлық туындылары тек шынайы жазылған.

Ойға алсақ, детектив — әдеби жанрлардың ішіндегі жылдам оқылатын, оқырманды бірден баурап алатын жанрлардың қатарына жатады. Қаламгердің туындылары өз заманындағы жастардың үлкен қызығушылығын тудырған. Шынымен, Кемел Тоқаев өз шығармаларындағы кейіпкерлерінің жұмбақ құпиясын шешіп, шытырман оқиғалардың иірімдерін тарқатып, боямасыз шебер жеткізе білген. Бұл жанрда жазып жүрген жазушылар бар. Бірақ Кемел Тоқаевтың шығармаларындай туынды бола қоймады дейді отандық сыншылар. Сол себепті детективті жанрды дамыту үшін жоғары оқу орындарында детективке қызығушылығы бар оқушыларға, детектив жазамын деген студенттерге де демеу көрсету керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1 Мұқажанова Р.М. Қазіргі қазақ прозасындағы жаңа үрдіс / Р. Мұқажанова // Жоғары білім беру жүйесі: дәстүр мен инновация. Семей, 2018. — Б. 90–92.

- 2 Қирабаев С. Шындық және шеберлік. Зерттеулер мен мақалалар / С. Қирабаев. — Алматы: Жалын, 1981. — 61 б.
- 3 Баққожа М. Жұмбақ жан / М. Баққожа // Парасат. — 2003. — № 4. — Б. 21–23.
- 4 Тоқаев К. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-ші том / К. Тоқаев; Құрастырған Ж.Дәуренбеков. — Алматы: Ана тілі, 2018. — 383 б.
- 5 Ван Даин С.С. Двадцать правил для написания детективных романов / С.С. Ван Даин. — 1928. — Электронный ресурс. Режим доступа: URL: <http://scriptmaking.ru/>.
- 6 Тоқаев К. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-ші том / К.Тоқаев. Құрастырған Ж.Дәуренбеков. — Алматы: Ана тілі, 2018. — 383 б.

А.К. Жунусова

Творчество писателя Кемеля Токаева и жанр национального детектива

Рассмотрены тематические, сюжетно-композиционные и жанровые особенности произведений писателя Кемеля Токаева, написанных в жанре детектива. Автор статьи на первых образцах детективного жанра в казахской литературе изучены жанровые признаки детектива, идейно-эстетическое своеобразие произведения, образ главного героя. Проанализированы основные события, формирующие сюжет произведения, особенности авторского воплощения действительности. Выявлены характерные черты хроники преступления и процесс его раскрытия. Основой художественных сюжетов стали реальные уголовные дела. Жанр детектива показывает тонкости расследования преступления, психологию персонажей. Причины произошедшего остаются неизвестными читателю до окончания расследования, что дает возможность читателю вместе с автором погрузиться в тонкости уголовного исследования, вынести собственные предположения и прийти к разгадке преступления.

Ключевые слова: детектив, жанр, сюжет, герой, преступление, преступник, шпион, разгадка преступления.

A.K. Zhunusova

Work of the writer Kemel Tokayev and the genre of national detective

The article studies the thematic essence, plot-compositional and genre features of Kemel Tokayev's works in the detective genre. Based on the works of the writer, Kemel Tokayev, who was the first to write national detective, the artistic factors of this genre and the characters' ideological and aesthetic function are investigated. Thus, the purpose of the article is to analyze the plot structure of the genre and the main characteristics of the character. The main plot of the work and the ways of an artistic representation of reality are analyzed. The chronicle of the crime, the process of its disclosure, the exposition of the criminal in the work of the writer are described. The position of the writer and the significance of his style are determined. Criminal cases were a basis, and the detective genre describes the stages of adventures and the search for a criminal, ways of investigating them. In some works of Kemel Tokayev, who wrote detective stories, there may not be a crime. Another feature of the genre is that the reasons for what happened remain unknown to the reader until the end of the investigation. The reader, together with the author, follows the event of the criminal investigation and draws his own conclusions and discloses the real picture of what happened.

Keywords: detective, genre, subject, character, crime, criminal, spy.

References

- 1 Muqazhanova, R.M. (2018). Qazirgi qazaq prozasyndagy zhana urdis [A new process in modern Kazakh prose]. Zhogary bilim beru zhuiesi: dastur men innovatsiia [Higher education system: tradition and innovation]. Semei [in Kazakh].
- 2 Qirabayev, S. (1981). Shyndyq zhane sheberlik. Zertteuler men maqalalar [Truth and skill. Research and articles]. Almaty: Zhalyyn [in Kazakh].
- 3 Baqqozha, M. (2003). Zhumbaq zhan [Mysterious Soul]. Parasat, 4, 22–23 [in Kazakh].
- 4 Toqayev, K. (2018). Bes tomdyq shygarmalar zhinary. 1 t. [Collection of works in 5 volumes. Vol. 1]. Zh. Daurenbekov. [Ed.]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 5 Van Dain, S.S. (1928). Dvadsat pravil dlia napisaniia detektivnykh romanov. Retrieved from <https://scriptmaking.ru/> [in Russian].
- 6 Toqayev, K. (2018). Bes tomdyq shygarmalar zhinary. 4 t. [Collection of works in 5 volumes. Vol. 4]. Zh. Daurenbekov. [Ed.]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].